

Есенгүл Кәпқызы
**Ақпараттың шынайылығын
қалай тексереміз?**

Бұл мақалада автор қазіргі қазақ журналистикасында аса өзекті мәселелердің бірі болып отырған ақпаратты алу және оны тексеру жолдары мен амалдарын ұсынады. Ақпараттың шынайылығын тексеру – бүгінгі қазақ журналистикасында басты проблемаға айналып отыр. Күн сайын, сағат сайын көбейіп отырған ақпараттық сайттар мен онлайн журналистиканың қазіргі қоғамдық пікірді туғызудағы ықпалы күшейіп келеді. Бірақ соған қарамастан, сапалы журналистиканың негізі – сараптама жасау, ақпараттарды сүзгіден өткізу, мәліметтермен жұмыс істеу және ақпаратқа қол жеткізу секілді мәселелер ақсап жатыр. Сол себепті де болашақ журналистердің қаперіне ақпаратты алу, оны өңдеу және оның қандай қайнар көздерден алынғанын тексеру жайында аздаған мағлұмат беріледі. Әрине, мақалада ұсынылатын кейбір ресурстар арқылы қазақ тіліндегі мәліметтерді тексеру мүмкіндігі төмен болар. Алайда, қазақ қоғамы қазір жаһандық ақпараттар тасқынында өмір сүріп отырғандықтан, әлемдегі геосаяси мәселелерден тыс қала алмайтын болғандықтан, журналистер бірнеше тілдегі ресурстармен жұмыс істеу дағдысына үйреніп келеді. Бірақ, өзге тілдегі ресурстардың барлығы бірдей шынайы ақпарат ұсынбайтындығын бүгінге дейін біраз дүние дәлелдеп берді. Ал мақалада сол ресурстар ұсынған ақпараттарды шайнамай, қорытпай, шынайылығын тексермей қолдануға болмайтындығы біраз нақты фактілермен дәлелденеді. 2015 жылы қабылданған «Ақпаратқа қол жетімділік» туралы заңның ақпаратты алуға және оның шынайылығын тексеруге біраз жеңілдіктер жасайтындығына арнайы тоқталады.

Түйін сөздер: ақпаратқа қол жетімділік, сараптама, ақпараттың шынайылығын тексеру, қазақ журналистикасы.

Ysengul Kapkyzy
**How to check veracity of the
information?**

In this article the author considers access and verification of information as an important problem of journalism. Today verification of information on authenticity is one of the main problems of the Kazakh journalism. Influence on creation of public opinion of the information websites and online journalism increases day after day, hour after an hour. But, despite it, fundamentals of high-quality journalism is analysis, development, development and access to information remain undecided. Therefore in attention of future journalists information on methods of collection and check of resources of news is provided. Of course, it will be difficult to determine by some sources on authenticity texts in Kazakh. Nevertheless, as the Kazakh society lives in globalization times, journalists are able to work in several languages. But there are many proofs that not all resources in other languages can provide true information. This article allocates several facts that it is impossible to use these websites without having considered, not analysis, and without having understood essence of information. Also article considers «The law on access to information» which was adopted in 2015.

Key words: access to information, analysis, check to authenticity of information, Kazakh journalism.

Есенгуль Капкызы
**Как проверить достоверность
информации?**

В данной статье автор рассматривает доступ к информации и проверку достоверности информации как одну из важных проблем журналистики. На сегодняшний день проверка достоверности информации на подлинность является одной из главных проблем казахской журналистики. Влияние на общественное мнение информационных сайтов и онлайн журналистики увеличивается день за днем, час за часом. Но, несмотря на это, основа качественной журналистики – анализ, разработка, выработка и доступ к информации остаются под вопросом. Поэтому вниманию будущих журналистов предоставляется информация по методам сбора и проверки ресурсов новостей. Конечно, по некоторым источникам будет сложно определить на подлинность тексты на казахском языке. Тем не менее, так как казахское общество живет во времена глобализации, журналисты не могут себе позволить работать на нескольких языках. Но существует немало доказательств, что не все ресурсы на иных языках могут предоставить достоверную информацию. Данная статья выделяет несколько фактов о том, что нельзя использовать данные сайты не проверяя, не анализируя, и не поняв сущность информации. Так же статья рассматривает «Закон о доступе к информации», который был принят в 2015 году.

Ключевые слова: доступ к информации, анализ, проверка на подлинность информации, казахская журналистика.

АҚПАРАТТЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРЕМІЗ?

Біздің қазіргі журналистиканың ең басты кемшілігінің бірі ақпараттың шынайылығын тексеруге салғырт қарауында. Ақпараттың шынайылығын тексере білмеуінде және оны қажет деп таппауында. Біздің бұл еңбегімізде «ақпараттың шынайылығы дегеніміз не? Оны қандай жолдармен тексеруге болады?» деген сауалдарға жауап ізделді.

Жалпы бүкіл әлемде ақпарат құралдары ресми және сарыжағал деп екіге бөлінеді. Ресми басылымдарда ақпараттың қайнар көзіне сілтеме жасалып, оны қайдан алғандығын тәптіштеп айтуға тырысушылық байқалса, сарыжағал басылымдар көбіне өсек тереді. Жұрттың жеке өмірімен айналысады. Әрі өздері тапқан өсектерінің шынайылығын тексеруді мұрат тұтпайды. Өкінішке қарай, Қазақстандағы ақпарат құралдарының дені қазір осы үрдісті жөн санай бастады. Жалған ақпарат таратуға қатысты арнайы жауапқа тарту көзделгеніне қарамастан, ақпаратты тексеруге құлықтылық әлі арта қойған жоқ.

Мәселен, осыдан бір-екі жыл бұрын Қазақстанның ақпарат құралдарында үш әкімнің саунада театр труппасының концертін жалаңаш тамашалағаны туралы мақала жарық көрді.

Мақала әуелі www.matrica.kz[1]сайтында «Акимов трех областей в сауне развлекала целая театральная труппа» деген атпен жарық көреді де, кейіннен біраз ақпараттық сайтқа азық болады. Олардың барлығында тек қана ақпаратты ұсынушы Дәулет Қуанышпаевтың фейсбук парақшасындағы жазбасы ғана келтірілген. Ақпаратты таратушы «Матрица» да, «Трибуна» да, «Информ» да, «Радиоточка» да, www.i-news.kz[2] пен www.uralweek.kz [3] те ақпараттың шынайылығын тексеруге ұмтылмайды. Тек, www.inform.kz [4] сайтында өзгелерден өзгешелігі Ақмола облыстық Көкшетау театрының басшылығымен байланысқа шығуға талпынуы және театр басшысы Марал Жакупованың бұл ақпаратқа қатысты пікірін ұсынуын айтуға болады. Бұның өзі ақпараттың шынайылығын тексеруге деген талпыныстың айғағы. Ал қалған сайттар ақпарат шыққаннан кейін бірнеше күн өткеннен соң ғана, театр басшылығы мен әкімдердің баспасөз қызметімен байланысқа шықты. Ақырында жалған ақпарат таратқаны үшін Дәулет Қуанышпаевтың қылмыстық жауапкершілікке тартылу қаупі туындап отыр. Дәл осы мәселе орыс сайттарынан қазақ сайт-

тарына көшіріліп, дәлірек айтылғанда сөзбе сөз аударылып басылды. Қазақ сайттары да орыстілді әріптестерінің ізімен ақпараттың шынайылығын тексеруге талаптанбады. Мәселен, www.qamshy.kz [5] сайтындағы «Театр труппасы үш облыстың әкімдерінің көңілін көтеру үшін саунада өнер көрсеткен» деген мақалада журналист тек www.matrica.kz пен www.tribuna.kz сайттарына сілтеме жасай отырып, тура сол ақпараттарды қайталаған. Демек, біздің журналистерде ақпараттың шынайылығын тексеруге

деген талпыныс әлі де аз. Фейсбукті ақпарат көзі ретінде қабылдаудың арты омындырар өкінішке соқтырарын ешкім ойламайды. Жақында белгілі блогерлер фейсбуктегі қазақстандық белгілі саясаттанушы Әзімбай Ғалидың парақшасындағы «Іздеу саламыз, маньяк полицей» [6] деген фотоның Қазақстанда мамыр айында өткен «Жер реформасы» жөніндегі шерулерге ешқандай қатысы жоқ екенін айтып, ғалымның тексерілмеген ақпаратты жариялағанын ескертіп жатты.



Сол секілді, «Жер реформасы» жөніндегі комиссияның мүшесі, ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Мұхтар Шахановтың 24 мың қазақ қызының Қытайға күйеуге тиюі туралы мәліметіне де күмән келтіріп, ол жерде де ақпараттың шынайылығын тексеруге қатысты пікірлер айтылды. Мәселен, журналист Абай Отар өз парақшасында: «Ең әуелі Қазақстандағы статистикаға назар аударайық. 1988 жылы 3,5 мың қазақ қызы, 4,3 мың қазақ жігіті басқа ұлтпен шаңырақ көтерген. 2010-да 5090 еркек, 4246 әйел, 2014-те 5318 еркек, 4526 әйел басқа ұлтқа тұрмысқа шыққан. Бүкіл жылдарды есептеп, бәрін қосып шығуға уақыт тапшы.

Сондықтан жыл сайын шамамен төрт мыңға жуық қазақ жігіті және сол шамадағы қыз басқа ұлтқа тұрмысқа шығады деуге келетін шығар. Сонда, шамамен 120-130 мың жігіт және сол шамадағы қыз басқа ұлт өкіліне тұрмысқа шыққан болып есептеледі. (Бұл қарабайыр есептеу ғой. Бұдан аз болуы да мүмкін). Енді осылардың қаншауы қытайға тиді? Елена Садовская деген азаматшаның China and Eurasia Forum Quarterly журналының 2007 жылғы №4 басылымына сүйенсек, 1991-2007 жыл аралығында қытайға шыққан 74 неке тіркеліпті. Сонда қалған 9 жылдың ішінде 23926 қазақ қызы қытайға тиген бола ма? Тым күмәнді» [7] деп жазады.



Осы ретте белгілі журналист Руслан Меделбектің фейсбук парақшасындағы «Редакциядан бірде-бір сарапшыға телефон шалмай, орысша сайттардағы спикерлердің комментін калька аударма жасап, әлеуметтік желідегі посттарды цитата етіп беретін, инстаграмды дереккөз етіп, министрліктерге запрос жіберу түсінігінен ада, жаңалық пен репортажды, стори мен посттардың барлығын «мақала» деп қабылдайтын, журналистикада тек осы мақала жанры бар деп есептейтін сайттар түзелмесе қазақ журналистикасы Алматы мен Қапшағай арасындағы жол сияқты түкке жарамай оқырманын апатқа ұшыратады» деген жолдарға назар аудара кеткенді жөн көрдік. Бұл журналистиканың қайнаған ортасында жүрген журналистің бүгінгі қазақ журналистикасы жайлы жан айқайы.

Журналистикадағы басты мақсат ақпаратқа қол жеткізумен қатар, сол ақпараттың шындыққа жанасымдылығын зерттей білу. Біз ақпаратты тексеруді қажет етпейтін және тексерілуі тиіс деп екіге бөлеміз. Бірінші ақпаратқа, ресми түрде жарияланған, деректері айқын фактілер жатады. Мәселен, Саин және Рысқұлов көшелерінің қиылысындағы құрылысы аяқталмаған көпірдің

құлап қалуы. Бұл біздің көз алдымызда болған оқиға. Ол ақпаратты беру үшін оған дәлел іздеудің қажеті жоқ. Бірақ, көпірдің құлауынан зардап шеккендер жайлы ақпарат тексеруді қажет етеді. Кейбір дерек көздері 1 адамның қайтыс болғанын және ондаған адамның түрлі жарақат алғанын айтады. Бірақ, ресми ақпарат көзі бұл мәліметті әлі растаған жоқ. Сіз не істеуіңіз керек? Әрине, құзырлы органдардан мәлімет алуға тырысасыз. Өзгелердің берген ақпаратын көшіріп бергеннен гөрі, өзі ізденген адам, өзгеден өзгешеленіп тұратын ақпаратты міндетті түрде табады. Бұл ретте, «сарапшылардың пікіріне жүгінсек», «статистикалық мәліметтерге қарағанда» секілді жалаң сөйлемді пайдалануға болмайды. Нақты қай сарапшының пікірі, нақты қандай статистикалық мәліметтерге жүгініп отырғаныңыз анық болуы тиіс. Біздің журналистерге тән үрдістің бірі осы. Нақты сарапшылардың пікіріне жүгінуді қажет санамайды. Алайда, жауапкершілікті де өз мойнына алғысы келмейді. «Сарапшылар айтып жатыр ғой» дегенмен құтылғанды жөн санайды. Алайда бұл ақпараттың қайнар көзі болып саналмайды. Сол себепті де, нақты кімнің, қашан, қайда, не айтқанын жіпке тізе білген абзал.

Қазір мемлекеттік органдардың журналистерге ақпарат беруден бас тартуы – заң жүзінде жазаланатын деңгейге қол жеткізіп отырғандықтан, ақпаратты мейлінше алуға талпына білу керек. Егер, сіз қандай да бір лауазым иесі туралы ақпаратты көзіңіз шалса, міндетті түрде сол адамның өзінен ақпараттың қаншалықты рас екендігін білуге тырысыңыз. Егер, әкімге немесе министрге қол жеткізу қиын болса, оның баспасөз қызметіне хабарласуды ұмытпаңыз. Кез келген ресми органның баспасөз қызметінің өкілі және оның баспасөзге берген пікірі сол лауазым иесінің ресми жауабы болып есептелінеді. Ал біздің журналистер шулы ақпараттарды көзі шалысымен оны алғашқылардың бірі болып жариялауға ұмтылады. Ақпаратты бірінші болып ұсынған жақсы. Алайда ол шынайы және сапалы ақпарат болуы шарт. Жұрттың алдын ораймын деп жалған ақпаратқа ұрынсаңыз, нағыз опық жеуіңіз мүмкін. Сол себепті ақпараттың шынайылығына көз жеткізбей тұрып, оны жариялауға асықпаңыз!

Сонымен, ақпараттың шынайылығын қалай тексеруге болады? Шынайы ақпарат дегеніміз не? Медиа теоретик педагогика ғылымдарының кандидаты, Ресей Білім академиясының білім берудің мазмұны мен әдістері институты Медиа білім беру лабораториясының аға ғылыми қызметкері Екатерина Якушина [8] шынайы ақпараттың ең алғашқы сипаты ретінде, сілтеме жасауды көрсетеді. Алайда, сілтеме берілген ақпарат көзіне сене салуға да болмайды. Бұл ретте мен өз басымнан өткен бір жайтты айтып өткім келеді. Қазіргі www.zonakz.net, бұрынғы www.navigator.kz сайтында Ермек Сағынтай деген автордың «Как получается казахское я» атты мақаласы жарық көрді. Мен осы мақалаға сілтеме жасай отырып, тіркелмеген «Алға» партиясының жетекшісі, оппозиционер Асылбек Қожахметовке ауыр айып тағамын. Ермек Сағынтайдың сөзімен келтірер болсақ, «На избирательность акимов надо идти во что ни стало, и угроза сепаратизма здесь не проблема. Демократия Казахстана настолько святая вещь, что можно поступиться и 1-2 северными областями в пользу России» [9] деген жолдарына шүйлігіп, оны сепаратистік пиғыл танытқаны үшін айыптаймын. Алайда, бұл жерде мен ескермеген екі жағдай бар. Біріншісі, сол «Алға» партиясының жетекшісі Асылбек Қожахметовтің өзінен пікір сұрамағаным, екіншіден Ермек Сағынтай Асылбек Қожахметовтің пікірін мына жерден алдым деп 1999 жылғы «Казахская правда» газетін көрсетеді. Мен осы алғашқы ақпарат көзін

тексеруді де қажетсінбеймін. Сөйтіп, жалған ақпарат таратушы ретінде Асылбек Қожахметов менің үстімнен сотқа шағымданды. Нәтижесінде, мен газет бетінде кешірім сұрауға мәжбүр болдым. Демек, ақпаратқа берілген сілтемеге көз жұмып сене салу да жөн емес.

Екатерина Якушина, сондай-ақ, сілтеме берілген ақпарат көздерінің қаншалықты сенімді екендігіне көз жеткізуді ұсынады әрі Интернеттің Ресейде ресми ақпарат құралы ретінде тіркелмейтіндігін көлденең тарта отырып, оның ресми ақпарат көзі бола алмайтындығын айтады. Қазақстанда да ресми интернет ресурстарының арасында БАҚ ретінде тіркелген ақпарат құралдары өте аз. Сол себепті де, интернет сайттарының барлығын ақпарат көзіне жатқыза алмаймыз. Әрине, Қазақстандағы заңдарға сүйенсек, интернеттегі барлық ақпарат құралдары БАҚ-қа теңестірілген [10], бірақ бұл оны ресми ақпарат көзіне теңестірілді дегенді білдірмейді. Сенімді ақпарат көзі ретінде, ресми органдардың сайттары мен ресми түрде тіркелген ақпарат агенттіктерінің сайттары ұсынылады. Медиа практик David Brewer «Как проверять факты – советы для журналистов» [11] мақаласында қазіргі қағида бойынша ақпаратты екі сенімді ақпарат көзінен тексеру қажеттігін айтады. Double checking – қай қашаннан бері ақпаратты тексерудің классикалық үлгісіне айналғаны мәлім. Сіз тапқан ақпаратыңызды тағы бір сенімді ақпарат көзі арқылы тексеруіңіз қажет. David Brewer кейбір этикалық және заңнамалық шектеулерге байланысты кей ақпарат көздерінің аты-жөнін жарияламауын өтінетіні болатындығын жаза отырып, оған сенімді болған жағдайда ғана ақпаратты жариялай аласыз дейді. Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы» заңының 20 бабы бойынша, ақпараттың қайнар көзін көрсету міндетті емес немесе жасырып қалуға құқы бар. Алайда, сот талап еткен жағдайда оны айтуға және жарыққа шығаруға міндетті [12]. Яғни, сізге анонимді ақпарат көзінен алған мәліметіңізді жариялауға ешкім кедергі келтірмейді. Бірақ сол ақпаратты растайтын құжат сіздің қолыңызда болуы тиіс. Қазақстанда жала жабу және қорлау фактісі бойынша, www.gulzhan.org сайтының үстінен қозғалған істе сайт иесі Гүлжан Ерғалиевадан прокурордың әйелінің Дубайдағы қаржысы туралы мәлімдемесін растайтын құжатты сұратады әрі ақпаратты қайдан алғанын айтуды талап етеді. Бірақ Гүлжан Ерғалиева ақпаратты берген адамды айтудан бас тартады. Сол себепті де, айыппұлды ақпаратты берген аноним емес,

Гүлжан Ерғалиева өзі төлеуге мәжбүр болады. Гүлжан Ерғалиеваның қолындағы кіріс декларациясы мен прокурордың әйелінің ұсынып отырған кіріс декларациясының сай келмейтіндігі себебінен, Гүлжан Ерғалиева жалған ақпарат таратушы ретінде айыпталады. Демек, аноним ақпарат көзін пайдаланған жөн. Алайда, сіздің қолыңызда оны дәлелдейтін бұлтартпас дәлелдер болуы тиіс.

Американдық саясаттанушы ғалым, журналист Таяу Шығыстағы Халықаралық Америка консулының президенті Dr. Majid Rafizadeh ақпараттың [13] шынайылығын тексерудің бірнеше жолын ұсынады: Бірінші, ақпаратты ұсынушы, негізгі автор. «Негізгі автор – шынайы ресурс бола ала ма?» деген сұрақ қойған ол, оған мүлдем сене салуға болмайтындығын айтады. Ақпараттың шынайы екеніне әрмен қарай көз жеткізе түсу үшін осы саламен айналысып жүрген бірнеше сарапшының пікірі сұралғаны жөн дейді ол. Дегенмен, сарапшылардың өзі сізге ақпараттың шынайылығын дәлелдеуге кепіл бола алмайды. Жеме жемге келгенде, сарапшылардың өзі тайқып шығуы да ғажап емес. Сол үшін де ол адамнан да сіз бұлтартпас дәлел келтіруін талап етуіңіз қажет.

Dr. Majid Rafizadeh сондай-ақ, кейбір кітапханаларда сіз тапқан дәлелдің өзге де ақпарат көздері арқылы дәлелденгенін ұсынатын қызметтердің барын айтады. Сондай-ақ, ағылшын тілді ресурстарда Politifact және FactCheck деген арнайы ақпаратты тексеру қызметтері ұсынылатынын айтады ол. Бізде ақпараттың шынайылығын тексеру үшін google-дің кейбір қызметтерін пайдалануға болатындығын өз тарапымыздан айтып өткіміз келеді. Соның ішінде Truth Goggles қосымшасының пайдасы аса зор. Егер, сіз пайдаланып отырған мәтіннің ешқандай өзгеріске түспегендігін дәлелдегіңіз келсе, оны аталған қосымша арқылы тексеруіңізге болады.

Жоғарыда атап өткен www.politifact.com сайты ақпаратты тексерудің 7 жолын ұсынады [14]. Біріншіден, ақпаратты кім ұсынды сол адамның өзінен оның шынайылығын дәлелдеуді сұрау. Ақпарат ұсынушы адам жайдан-жай айта салмайды ғой. Оның қандай да бір уәждері болуы мүмкін. Екіншіден, сізден өзге де ақпаратты тексерушілер қандай мәлімет тапқанын іздеу. Әрине, ақпаратты алғашқы болып беруге бәріміз ұмтыламыз. Алайда, бұл үнемі мүмкін бола бермейді. Үшіншіден, Google-ден іздеу және оны қайта іздестіру ресурстары арқылы тексеру. Google-дің іздеу қызметінің негізгі ресурс екені анық. Сонымен

қатар, Google тек іздестіру жүйесін ұсынып қана қоймайды, сіз іздеген фактінің қашан, қайда жарық көргенін де қарастыра алады. Іздеген фактіңізді бір немесе екі ресурстан ғана қарастырып қоя салмаңыз. Көптеген ресурстарды салыстырыңыз. Төртіншіден, тереңдетілген web-іздеу. Тереңдетілген web-іздеу дегеніміз – Интернеттегі жабық ақпарат көздері. Яғни, кейбір ақпарат көздері ақпараттарын ақылы түрде ұсынады. Мәселен, Қазақстанның электронды үкіметінде көптеген ақпараттарды тегін қарауға болады. Алайда, кейбір мәліметтерді ақылы ұсынады. Сондай-ақ, Статистика агенттігі сайтынан да көптеген деректерді табуға болады. Осы ақылы мәліметтерде сіз іздеген шындық жасырынып жатуы мүмкін. Politifact сайты ескірген ақпараттарды және комментарийлерді Lexis Nexis және CQ ресурстарынан, теле ақпараттарды Critical Mention мәліметтер қорынан қарастыратынын айтады. Қазақ тілінде дәл осындай мәліметтер қорын кездестіру мүмкін болмаса да, орыстілді кейбір сайттардың ақпаратты тексеруге мүмкіндік беретінін айтуға болады. Мәселен, әлемнің бірнеше тілінде ақпарат тарататын www.stopfake.org сайты Украинадағы жағдайларға байланысты жарияланған қате ақпараттардың жалған екендігін әшкерелейді. Осы сайтта орыс тілінде ақпараттарды табуға болады. Ақылы ақпараттарға қол жеткізу үшін жергілікті жердегі кітапханалар қызметіне жүгінуге болады. Politifact сайты Dr. Majid Rafizadeh секілді әртүрлі көзқарастағы сарапшылардың пікіріне құлақ асқан жөн деген пікірді ұстанады. Ол сарапшылар сіздің зерттеп жүрген, алайда жауап таппай жүрген дүниеңіздің жауабын білуі мүмкін. Сол үшін оларды әңгімеге тартқан абзал. Әрі осы мәселені зерттеп жүрген өзге сарапшыларды білу мақсатында «Сіздің пікіріңізді қолдамайтын иә қолдайтын өзге қандай сарапшыны атар едіңіз деп» анықтап алуыңызға болады.

Politifact сайты алтыншы ресурс ретінде іздеген дүниеңізді кітап арқылы табуға болатындығын айтады. Amazon сайты сіз қалам тербегелі отырған тақырыпқа қатысты авторларды тауып бере алады делінген онда. Бізде ондай ресурс болмаса да, онлайн ресурстар арқылы сіздің тақырыбыңызды кім зерттеп жүргенін табуыңыз бек мүмкін.

Ақпаратты тексерудің жетінші жолы дейді Politifact жоғарыдағы жолдың бәрінен өткеннен кейін сенің қолыңда біраз ақпарат пен дерек жинақталды. Бұл сенің тағы да ізденуіңе жол ашады. Әлі де қалып қойған ақпараттық ресурстар бар ма, жоқ па деген ойға жетелейді. Осыдан

кейін ғана, сен ақпараттың шынайылығына сене аласың делінген онда.

Қазір көп жағдайда әлеуметтік желі ақпарат көзіне айналады. Әсіресе, қазақ журналистері арасында кеңірек таралған Facebook пен Instagram желісіндегі ақпараттар тексерілмей, сол қалпында пайдаланылып келеді. Фейсбуктен ақпаратты тапқан және алған дұрыс, алайда оның шынайылығына кім кепілдік береді. Қазір әлеуметтік желілердің өзі БАҚ-қа теңестіріліп, ол арқылы жалған ақпарат таратушыларды қылмыстық жауапқа тарту тәжірибесі іс жүзінде қолданыла бастады. Дегенмен, ресми медиа

ретінде тіркелмегендіктен, ондағы ақпараттың бәріне көз жұмып сене беруге болмайды. Ол үшін арнайы тексерілген ақпараттың шынайылығын тексеріп алған абзал. Есесіне, оқырман сіздің ақпаратыңыздың шынайы екендігіне көз жеткізе бастайды және рейтингіңіз өседі.

Қорыта келгенде, «Ақпаратқа қол жетімділік» туралы заңның қабылдануы біздің ақпарат алуымыз және кез келген күдікті ақпаратты растауымызды жеңілдетіп отыр. Тек соған ұмтыла білу қажет. Шынайы ақпарат, шынайы журналистиканы қалыптастырады. Оқырманның сенімін оятады!

Әдебиеттер

1. <http://www.matritca.kz/news/25197-gostey-akima-sergeya-kulagina-v-saune-razvlekala-celaya-teatralnaya-truppa.html>
2. <http://tribunakz.com/today/101-akimov-treh-oblastey-v-saune-razvlekala-celaya-teatralnaya-truppa.html>
3. https://i-news.kz/news/2015/09/08/8117381-akimov_treh_oblastei_v_saune_razvlekala.html
4. <http://www.uralskweek.kz/2015/09/08/gostej-akima-akmolinskoj-oblasti-v-saune-razvlekala-celaya-teatralnaya-truppa/>
5. <http://qamshy.kz/home/show/1291>
6. <https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1296202413742213&set=a.291516640877467.87325.100000573995191&type=3&theater>
7. <https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1069961036398131&set=a.295704810490428.65790.100001527352761&type=3&theater>
8. Якушина Екатерина. Как проверить достоверность информации в Интернете? [Электронный ресурс] // <http://mediaeducation.ru/>
9. Есенгүл Кәпқызы. Сөздің шыны // Мақалалар жинағы, «Ел шежіре»,
10. David Brewer «Как проверять факты – советы для журналистов» [Электронный ресурс] // IJNet - Media Helping Media (MHM)
11. Закон о СМИ РК [Электронный ресурс] // <http://old.internews.kz/rus/law/law/>
12. Dr. Majid Rafizadeh. The Challenge and Dilemma: Fact Checking in Journalism and Research. http://www.huffingtonpost.com/majid-rafizadeh/the-challenge-and-dilemma_b_4806347.html
13. www.politifact.com

References

1. <http://www.matritca.kz/news/25197-gostey-akima-sergeya-kulagina-v-saune-razvlekala-celaya-teatralnaya-truppa.html>
2. <http://tribunakz.com/today/101-akimov-treh-oblastey-v-saune-razvlekala-celaya-teatralnaya-truppa.html>
3. https://i-news.kz/news/2015/09/08/8117381-akimov_treh_oblastei_v_saune_razvlekala.html
4. <http://www.uralskweek.kz/2015/09/08/gostej-akima-akmolinskoj-oblasti-v-saune-razvlekala-celaya-teatralnaya-truppa/>
5. <http://qamshy.kz/home/show/1291>
6. <https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1296202413742213&set=a.291516640877467.87325.100000573995191&type=3&theater>
7. <https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1069961036398131&set=a.295704810490428.65790.100001527352761&type=3&theater>
8. Yakushina Ekaterina. Kak proverit dostovernost informatsii v Internetе? [Elektronnyiy resurs]
9. Yesengul Kapkyzy. Sozdning shyny. // Maqalalar jinagi, ‘El shejire’, 2007
10. David Brewer «Kak proveryat faktyi – sovetyi dlya zhurnalistov» [Elektronnyiy resurs] // IJNet - Media Helping Media (MHM)
11. Zakon o SMI RK [Elektronnyiy resurs] // <http://old.internews.kz/rus/law/law/>
12. Dr. Majid Rafizadeh. The Challenge and Dilemma: Fact Checking i
13. n Journalism and Research. http://www.huffingtonpost.com/majid-rafizadeh/the-challenge-and-dilemma_b_4806347.html
14. www.politifact.com